**"Қазақстан Республикасындағы қазақстандық қамтуды дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қазандағы № 1135 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 10 шілдедегі № 704 қаулысы

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Қазақстан Республикасындағы қазақстандық қамтуды дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қазандағы № 1135 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы қазақстандық қамтуды дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламада:

«Бағдарлама паспорты» деген 1-бөлімде:

«Қаржыландыру көздері мен көлемдері» жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | |
|---|---|
| Қаржыландыру көздері мен көлемдері | Бағдарламаны қаржыландыру 3 543 млн. теңге мөлшерінде республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады |

»;

«Қажетті ресурстар» деген 6-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Қажетті ресурстар

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады.

Осы Бағдарламада санамаланған міндеттерді шешу үшін қарастырылып отырған кезең ішінде 3 543 млн. теңге талап етіледі:

(млн. теңге)

| | Қаржы-экономикалық ресурстар | Материалдық-техникалық ресурстар | Еңбек ресурстары | Барлығы | Қаржыландыру көзі |
|---|---|---|---|---|---|
| 2010 жыл | 103,5 | 130,5 | 387,4 | 621,4 | РБ |
| 2011 жыл | 161,6 | 79,0 | 441,3 | 681,9 | РБ |
| 2012 жыл | 177,0 | 90,4 | 450,9 | 718,3 | РБ |
| 2013 жыл | 181,2 | 173,6 | 418,3 | 773,1 | РБ |
| 2014 жыл | 156,4 | 173,6 | 418,3 | 748,3 | РБ |
| БАРЛЫҒЫ | | | | 3 543 | |

»;

«Қазақстан Республикасында қазақстандық қамтуды дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары» деген 7-бөлімде:

«Үш бағыт бойынша отандық өндірісті одан әрі дамыту жолдарын болжау: тауарлар, жұмыстар мен қызметтер, жұмыс күші, инфрақұрылым» деген 1-міндетте:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2. | Қазақстандық қамтуды дамыту жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу үшін ішкі нарықтың әлеуетті мүмкіндіктеріне талдамалық зерттеулер жүргізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИЖТМ, «ЖКДҰА» АҚ (келісім бойынша) | 2010 - 2014 | 176,8 | 261,8 | 343,7 | 325 | 321,2 | 1428,5 | РБ | 070 |

»;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 2-1, 2-2, 2-3, 2-4, 2-5-жолдармен толықтырылсын:

«

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2-1. | Қазақстандық қамтуды дамыту жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу үшін ішкі нарықтың мүмкіндіктерін бағалау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИЖТМ, «ЖКДҰА» АҚ (келісім бойынша) | 2010 - 2014 | 164,1 | 137, 8 | 222,8 | 260,2 | 256,4 | 1041,3 | РБ | 070 |
| 2-2. | Қазақстанда офсеттік саясатты іске асыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИЖТМ, «ЖКДҰА» АҚ (келісім бойынша) | 2011 - 2014 | - | - | - | 21,1 | 21,1 | 42,2 | РБ | 070 |
| 2-3. | Қазақстандық қамтуды дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, отандық өндірушілердің, жер қойнауын пайдаланушылардың және басқа да мүдделі тараптардың қатысуымен конференциялар, форумдар, дөңгелек үстелдер мен сұхбат алаңдарын өткізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИЖТМ, «ЖКДҰА» АҚ (келісім бойынша) | 2010 - 2014 | 12,7 | - | - | 12,7 | 12,7 | 38,1 | РБ | 070 |
| 2- | «Қазақстандық қамту – 2013» қазақстандық қамтуды | | ИЖТМ, «ЖКДҰА | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4. | дамыту мәселелері бойынша жыл сайынғы форум мен көрмені ұйымдастыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | » АҚ (келісім бойынша) | 2011 - 2014 | - | 28 | 25 | 31 | 31 | 115 | РБ | 070 |
| 25. | Үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаға енгізілген 24 жобаны талдау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИЖТМ, «ЖКДҰА» АҚ (келісім бойынша) | 2011 - 2014 | - | 96 | 95,9 | - | - | 191,9 | РБ | 070 |

»;

реттік нөмірлері 3, 4-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3. | Жер қойнауын пайдалану және мүмкіндіктерді талдау жобалары бойынша ақпаратты жинақтау негізінде дамудың стратегиялық маңызды бағыттарын айқындау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИЖТМ, «ЖКДҰА» АҚ (келісім бойынша) | 2010 - 2014 | 164,2 | 137,7 | 84,2 | 137,3 | 116,3 | 639,7 | РБ | 070 |
| 4. | «Мұнай, газ және мұнай-химия өнеркәсібі саласындағы қызметін үйлестіру бойынша қызметтер» бағдарламасы шеңберінде жер қойнауын пайдалануға келісімшарттардағы жергілікті қамту серпінін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтарын оқыту бойынша келісімшарттық міндеттемелерді талдау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МГМ, «МГӨ БДБ» АҚ (келісім бойынша) | 2010 - 2014 (жыл қорытындысы бойынша) | 151,1 | 282,4 | 290,4 | 310,8 | 310,8 | 1345,5 | РБ | 001 |

»;

«Жаңа өнімді игеру және енгізу тетіктерін құру арқылы қазақстандық қамтудың мемлекеттік саясатын жүйелеу, жұмыс істейтін өндірістерді жаңғыртуға қатысу және

отандық тауар өндірушілерді ұзақ мерзімді тапсырыстармен қамтамасыз ету» деген 3-міндетте:

реттік нөмірі 22-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 22. | Болашақ экономикасы секторларында мамандандырылған инновациялық корпорация құру | Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы | ИЖТМ, МГМ, ЖАО, «Самұрық - Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша), «ҰИҚ» АҚ (келісім бойынша), «ИТТО» АҚ (келісім бойынша), «ЖҚДҰА» АҚ (келісім бойынша), Қазэнерджи (келісім бойынша), ШИКҚ (келісім бойынша) | 2013 - 2014 (жыл қорытындысы бойынша) | - | - | - | - | - | - | - | - |

»;

«Отандық тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өндірушілерге сервистік және қаржылық қолдау көрсету» деген 4-міндетте:

реттік нөмірі 23-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 23. | «Жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізілімі», «Қазақстандық қамту» Интернет-порталы» ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу және одан әрі дамыту | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИЖТМ, «ЖҚДҰА» АҚ (келісім бойынша) | 2010 - 2014 (жыл қорытындысы бойынша) | 129,3 | - | - | - | - | 129,3 | РБ | 001, 070 |

».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК